- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта

білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;

- «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

3) 11-сыныпта білім беру процесі:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы

31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2013 27 қарашадағы № 471 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;

- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

2.5. жоспарының вариативті бөлігі бойынша оқушы, мектеп компоненттері бойынша курстары төмендегі пәндерге бөлінсін:

сыныбы	Элективті курстар	Жеке және топтық жұмыстар	ескерту
1-А,Ә,Б	Тіл дамыту, көркем жазу		
2-А,Ә,Б	Қызықты математика	Көркем жазу	
2-В	Тіл дамыту, көркем жазу		
3-А,Ә,Б	Қазақ тілі, тіл дамыту	Қызықты математика	
4-А,Ә,Б	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу	Қызықты математика	
5-А,Ә,Б	Қазақстан тарихы, математика	робототехника	
6-А,Ә,Б	Қазақстан тарихы, Қазақ тілі, математика	робототехника	
7-А,Ә	Қазақстан тарихы	робототехника	
8-А,Ә,Б	география, информатика	робототехника	
9-А,Ә,Б	Абайтану, Алаштану, дінтану	физика	
10	Абайтану, химия, физика,		Жаратылыстану-

	география, биология, АӘД		математикалық бағыт
11-А	Қазақ тілі, тарих, Абайтану, физика, химия, география	математика	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт
11-Ә	Абайтану, алгебра, биология, физика, Қазақстан тарихы	химия	Жаратылыстану-математикалық бағыт

1.6.Үш тілде білім беру бойынша информатика пәнінен 10 сынып оқушыларын үш тілде оқыту жұмыстары жалғастырылсын.

1.7.Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларға түзеу дамыту көмегін көрсету мақсатында мектеп жанынан логопедиялық пункт жұмысын жалғастырысын.

2.8.Логопедиялық пункт жұмысының жүргізілуі мен үйлестіру жұмыстарын үйлестіру уақытша У. Джаксимабаеваға уақытша жүктелсін.

2.9.Ерекше қажеттіліктерге ие балаларды анықтау, ОПМПК кеңесінің тексерісінен өткізу жұмыстарын үйлестіру У.Джаксимабаеваға жүктелсін.

2.10.Мектеп жанынан ашылған логопедиялық пункт жұмысының өз дәрежесінде жүргізілуіне бақылау мен басшылық жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мұздыбаеваға жүктелсін.

2.11.Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие, ОПМПК кеңесінің тексерісінен өткен төмендегі сынып оқушылары, мектеп жанынан ашылған балаларға түзеу дамыту көмегін көрсету логопедиялық пунктіне тартылсын.

2.12.Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты болып төменде аты аталған мамандар бекітілсін:

р/с	Көрсетілетін қызметтің атауы	Жауапты маман	қызметі
1	«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	Нуржанов С.	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары
		Бейсенбаева Г.	Іс жүргізуші
2	«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	Нуржанов С.	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары
3	«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке оқытуды	Мұздыбаева Г.	Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары

	ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау	Бойтанова Қ.	Қосымша білім беру педагогы
4	«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну	Байшанова Ш.	Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары
		Абдукаликова Б.	Әлеуметтік педагог
5	«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»	Нарбаева Қ.	Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары
		Арибжанова Ж.	Әлеуметтік педагог

2.13. 2020-2021 оқу жылына арналып жасалған оқу жоспары бекітілсін.

Кенес төрағасы:

Е.Оспанов

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектеп

Хаттама №1/2

Рабат ауылы

07.09.2020ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Муздыбаева

Қатысқандар –14 адам

Күн тәртібінде:

1. Бастауыш сыныптар бойынша кезекші сыныптарды оқытуды ұйымдастыру туралы.
2. 2003-2004 оқу жылында Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектебін бітірген Жуманов Айдос Дуйсенбековичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат беру туралы.

1.Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мұздыбаева хабарлама жасады. Ол өз сөзінде бастауыш сыныптар (1-4) бойынша жалпы бала саны 268, оның ішінде ата-аналарының өтініштері негізінде кезекші сыныпқа -230, қашықтан оқытуға 38 бала тізімге алынғанын, МАД тобында жалпы бала саны-36, топ саны -2, кезекші сыныпқа -34 бала,қашықтан оқытуға-2 бала тізімге алынды. Кезекші сыныптардағы жалпы топтар саны -20, 1-ші сыныптан ашылған топ саны -6, оқушы саны-63, 2-ші сыныптан ашылған топ саны-5, оқушы саны-57, 3-ші сыныптан ашылған топ саны-4, оқушы саны -49, 4-ші сыныптан ашылған топ саны-5, оқушы саны-61. Кезекші сыныптардағы оқушыларды оқытуға тартылатын бастауыш сынып мұғалімдерінің саны-11. Осыған орай сабақ кестесі кезекші сыныпқа қашықтан оқытуға арналып жасалған. Сабақ кестесі бойынша дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері кезекші сынып, ал сейсенбі, бейсенбі күндері қашықтан оқыту бойынша сабақ жүргізіледі. Сыныптың толымдылығы-15 балаға дейін. Әрбір сынып комплектіге бір мұғалім бекітілді.Оқушылардың шоғырлануының алдын алу мақсатында үзілістер әртүрлі сыныптар үшін әртүрлі уақытқа қойылды. 1-4 сыныптар бойынша кезекші сыныптар оқушылары дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері оқытылады

1-сыныптар - 4 сағат

2-сыныптар - 4,5 сағат

3-сыныптар – 5 сағат

4-сыныптар – 5 сағаттан, ал қашықтан оқыту форматы негізінде сейсенбі, бейсенбі күндері

1-сыныптар - 5 сағат

2-сыныптар - 6 сағат

3-сыныптар – 7 сағат

4-сыныптар – 7 сағаттан сабақ кестесі түзілгендігін атап өтті.

Келесі кезекте сөз алған мектеп директоры Е.Оспанов кезекші сыныптар үшін СӨС талаптарына сай қажетті жағдайлардың барлығы жасалғанын, дегенде кезекші топтарда жүргізетін жүргізілетін артық жұмыс үшін төленетін қосымша ақы төлеу мәселесі шешілмегендігін айта келіп мұғалімдерге топтарды ұйымдастыруда артық салмақ түспейтіндей жағдайларды қарастыруды ұсынды. Дегенде, келесі кезекте сөз алған бастауыш сынып мұғалімдері Б.Жанбирова, Г.Исакулова оқушының

білімі үшін жауаптымыз, аталған топтар бойынша оқытуға келісетіндерін жеткізіп, бұл мәселені жиналысқа қатысушылар бірауыздан қолдады.

Қабылданған қаулы.

- 1.1.Бастауыш сынып оқушылары төмендегіше топтарда оқытылсын:
 - 1.1. 1-сыныптағы 65 оқушының 63-і 6 кезекші топта, 2 оқушы қашықтықтан;
 - 1.2. 2-сыныптағы 77 оқушының 57-сі 5 кезекші топтарда, 20 оқушы қашықтықтан;
 - 1.3. 3-сыныптағы 53 оқушының 49-ы 4-кезекші топта, 4 оқушы қашықтықтан;
 - 1.4. 4- сыныптағы 73 оқушының 61-і 5-кезекші топтарда, 12-оқушы қашықтықтан оқытылсын.
 - 1.5. МАД сыныбындағы 36 тәрбиеленушінің 34-і 3 кезекші топта, 2 тәрбиеленуші қашықтықтан оқытылсын.
2. Кезекші топтарға арналып жасалатын сабақ кестесін түзіп бекітуге ұсыну Г.Мұздыбаеваға жүктелсін.
3. Сыныптағы СЭС талаптарының орындалуына бақылау жасау сынып жетекшілеріне жүктелсін.
4. Оқушылардың қоңырау кезіндегі қауіпсіздігін, ара қатынасының талапты деңгейде сақталуын бақылау кезекшілігін түзу А.Урисбаеваға жүктелсін.
5. Оқушылардың мектепке келуі кезінде сүзгіден өткізу, сыныптарды кварцтау, уақытында дымқыл тазарту жұмыстарының жүргізілуіне бақылау жүргізу мектеп медбикелері З.Қалдыбаева мен Ш.Биходжаеваға жүктелсін.

2. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол, 2003-2004 оқу жылында Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектебін бітірген Жуманов Айдос Дуйсенбековичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат беру туралы өтінішін қанағаттандыруды сұранды.

2. Педкеңес қаулы етеді:

- 2.1.2003-2004 оқу жылында Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектебін бітірген Жуманов Айдос Дуйсенбековичтің «Жалпы орта білім туралы аттестатының» жоғалуына байланысты, орнына дубликат берілсін.
- 2.2.Осы қаулыны бекіту аудандық білім бөлімінен сұралсын.

Кеңес төрағасы:

Е.Оспанов

Хатшысы:

Г.Муздыбаева

Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектеп

Хаттама №2

Рабат ауылы

14.11.2020ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Ж.Жуманова

Қатысқандар – 58 адам

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының 1-ші тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары және алдағы міндеттер туралы.
2. 2020-2021 оқу жылындағы аймақтық пәндер олимпиадасының қорытындысы туралы.
3. 2020-2021 оқу жылындағы мұғалімдердің 1-тоқсанындағы kundelik.kz журналын толтыру туралы.

2. Тыңдалды:

3. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мәселе бойынша ДОЖБО С.Нұржанов хабарлама жасады. Ол 2020-2021 оқу жылының бірінші тоқсанына талдау жасай келе әр сыныптар бойынша оқушылар қозғалысына тоқталып өтті. Атап айтқанда бірінші тоқсан басында 649 оқушы болса тоқсан соңында 651 оқушы (324 ұл, 327 қыз) бітіргенін, оның ішінде 1-4 сыныптарда 270 оқушы (141 қыз, 129 ұл), 5-9 сыныптарда 325 оқушы (158 қыз, 167 ұл), 10-11 сыныптарда 56 (28 қыз, 28 ұл) оқушы бітіргенін атап өтті. Сонымен қатар тоқсандық қорытындыларына сараптама жасады. Атап айтқанда:

сыныбы	Сынып жетекшісі	Оқушы саны	үздікт ер	екпі нді	Білім сапасы	
					1 тоқсан %	
МАД-А	Сатынбекова Г	16				
МАД-Ә	Борханова Ұ	20				
1-А	Жанбирова Б.	24				
1-Ә	Исакулова Г.	21				
1-Б	Турганова Ә.	20				
2-А	Қуатова А	21	6	5	52,4	
2-Ә	Сарсенова Г.	21	5	9	66,7	
2-Б	Тулебаева Р.	22	6	8	63,6	
2-В	Абдиханова Б.	14	7	4	78,6	
3-А	Пернебаева Н.	27	7	6	48,1	
3-Ә	Мейірбекова Л.	27	9	9	66,7	
4-А	Умбеталиева Р.	24	5	7	50	

4-Ә	Көбеева Р.	26	5	9	53,8	
4-Б	Бейсенбаева К.	23	2	9	47,8	
	1-4 бойынша	270	52	66	57,6	
5-А	Омарова Н.	22	5	12	77,3	
5-Ә	Айтбаева А.	25	4	6	40	
5-Б	Исабекова Н.	20	-	4	20	
6-А	Нурманкулова Ұ.	21	6	5	52,4	
6-Ә	Жұпарбек А.	20	3	8	55	
6-Б	Жұманова Ж.	20	3	5	40	
7-А	Абуова А.	26	2	8	38,5	
7-Ә	Құдайбергенова А.	27	2	4	22,2	
7-Б	Сабитова А.	10	-	5	50	
8-А	Таубаева С	21	2	9	52,4	
8-Ә	Арынова Ж.	27	2	12	51,9	
8-Б	Дос К	21	1	4	23,8	
9-А	Бекназаров М	22	5	7	54,5	
9-Ә	Турманов Б	21	4	6	47,6	
9-Б	Ахмедова А.	22	-	5	22,7	
	5-9 бойынша	325	39	100	42,8	
10	Орынбаева Ж.	21	5	5	47,6	
11-А	Байшанова Ш.	17	4	10	82,4	
11-Ә	Мырзахметова Г.	18	2	8	55,6	
	10-11 бойынша	56	11	23	60,7	
	Мектеп бойынша	651	102	189	49,7	

болғандығын айта келіп, оқу жылының бірінші тоқсанында бастауыш сыныпта 52 оқушы үздік 66 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 57,6%, 5-9 сыныптарда 39 оқушы үздік 100 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 42,8%, 10-11 сыныптарда 11 үздік ,23 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 60,7% құрады. Мектеп бойынша әр тоқсандағы білім сапасы 1-ші тоқсанда 47,7% құрағанын атап өтті. Сонымен қатар бірінші тоқсанда 5-11 сынып оқушылары қашықтықтан оқытылғанын, мұғалімдер сабақты негізінен ватсап желісі арқылы өткенін айтып өтті.

Келесі кезекте сөз алған ДОЖБО Г.Мұздыбаева МАД-Ә тобы, 1-А, 1-Ә, 1-Б, 2-А, 2-Б, 3-А, 3-Ә, 3-Б, 4-А, 4-Ә, 4-Б сыныптарында 20 кезекші топта сабақтардың жүргізілгенін,

МАД-А, 2-Ә сыныптарында қашықтықтан оқытылғанын, айта келіп, мұғалімге түскен үлкен ауыртпалыққа қарамастан кезекші топтарда сабақ жүргізілген мұғалімдердің марапаттауды ұсынды.

Келесі кезекте сөз алған ДТЖБО Байшанова Ш. тәрбие саласы бойынша 2020-2021 оқу жылындағы қыркүйек пен қазан аралығындағы атқарылған жұмыстар бойынша хабарлама жасады. Атап айтқанда: «1-қыркүйек –Білім күні» мерекесіне орай қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша өткізілген «Білімді ұрпақ - жарқын болашақ» атты салтанатты жиынның жоспары құрылып бекітілгенін,салтанатты жиында Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы және ҚР Конституциясының 25 жылдық мерей тойлары аталып өтілгенін, жиында мектеп директоры Е.Оспанов және зейнеткер ұстаздар О.Жұмашов, С.Бухаева қашықтықтан оқушыларды, ата-аналарды және мұғалімдерді құттықтау жасағанын атап өтті. Сонымен қатар,1 сынып бүлдіршіндеріне «Қадамың құтты болсын 2020-2021 оқу жылы» атты тақырыпта жыр-шумақтары қашықтықтан айтып , слайд-шоулар жасалғанын,11 сынып оқушылары алтын белгі иегерлері «1-қыркүйек Білім күні», Ата заңымыздың 25 жылдық мерей тойына байланысты қашықтықтан құттықтау сөз сөйлегенін,1-11 сынып оқушыларымен кезекші сыныптарда дәстүрлі, «1-қыркүйек – Білім күні» мерекесіне орай қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша өткізілген «Білімді ұрпақ – жарқын болашақ » тақырыбында 1-4 сыныптар «Конституция біздің болашағымыз.», 5-8 сыныптар «Өзіме қажет- елге қажет.», 9-11 сыныптар «Мамандық тандау – ертенді тандау.» атты тәрбие сабақтарын өткізілгенін айтып өтті. Сонымен қатар « 5 қыркүйек - ҚР Тілдер күні» мерекесіне орай «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» апталығында «Ең қымбат қазына-Тіл» атты газет байқауы , «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» атты 1-11 сынып аралығында тәрбие сағаттары, «ҚР Тіл туралы Заңы» лекция оқу «Қазақстан болашағы-қазақ тілінде» атты кітап көрмесі ұымдастырылғанын, «Мен қашықтықтан қалай оқимын?», «Коронавирустық аурулардан қалай сақтануға болады?» тақырыптарындағы республикалық онлайн ата-аналар жиналысы өткізілгенін, жиналыста пандемия бойынша және штаттық режимде оқушылар қалай оқитыны жайлы мектеп директоры айтып өтті. Мектеп психологтары мен информатика пән мұғалімдері балаға қандай қолдау көрсету керектігі бойынша кеңестер берді.

Кәмелет жасына толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, жыныстық тиіспеушіліктің, өз-өзіне қол жұмсау деректерінің, сондай-ақ балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мақсатында жұмысшы тобы құрылды, мобильді топтар құрылып бекітілді.

Мобильді топтармен түнгі мезгілде ата-анасының немесе сенімді өкілінің қадағалауынсыз жүрген балаларды анықтау мақсатында ойын сауық орындары, компьютерлік клубтар, парктер мен скверлер, көшелер, аулалар мен басқа да қоғамдық орындарда тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар жүргізіп кезекшілер бекітілді.

Қарттар күніне орай 1-4 сынып оқушылармен зейнеттегі мұғалімдерге онлайн құттықтаулар айтылып слайд-шоулар жасалды. Осы күнге орай «Жастығым-қарттығымды тербетеді» тақырыбында ұйымдастырушы –педагог А. Өрісбаева мен тәлімгер Пернебай М. зейнеткер Кенжегүл апаймен кездесіп мерекемен құттықтап қайтты «22 қазан - Қ.Әбдалиевті еске алу» күніне орай «Ұрпаққа ұран –ұлы ерлік» тақырыбында мектепшілік тәрбие сағаты өткізілді.Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Ер есімі-ел

есінде» атты онлайн іс-шаралар (бейнебаяндар, слайд көрсетілімі, құтықтаулар т. б.) өткізілді

2020-2021 оқу жылында «Қазақстан балалары – күзгі интерактив» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру іс-шарасы өткізілді.

«Қазақстан балалары – күзгі интерактив» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру іс-шарасын бекітілді. Ата-аналар арасында «Балаңыз күзгі демалысын қайда өткізеді?» деген тақырыпта онлайн анықтамалық сауалнама жүргізілді.

2020 жылдың бүгінгі күніндегі аса қауіпті COVID -19 коронавирусы инфекцияның таралуын болдырмау, алдын алу мақсатында ақпараттық жұмыс жүргізілді.

«Асар» челленджі Еріктілер тобы 7-8 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Таубаева С. және тәлімгер Пернебай М. күзгі демалыс кезінде Рабат е.м. тұратын тыл ардагері Қожаев Елен атаның үйіне барып бау-бақшасын тазалап қолғабыс жасап қайтты.

«Отбасылық шеберхана» 10 сынып оқушысы Мелдебек Жақсылықтың сынып жетекшісі Орынбаева Жазира қолөнер шеберханасымен онлайн таныстырылым жасалды. Жақсылықтың қағаздан жан-жануарларды жасау жолдарымен таныстырып өтті.

«Кәсіптік бағдар беру» жоғары сынып білім алушыларына М.Ауезов атындағы ОҚМУ «Ақпараттық технология және энергетика» жоғары мектептің деканы, т.ғ.к., доцент Исмаилов Хайрулла Бахтиярұлымен «Қазақстан университеттеріне виртуалды саяхат» жүргізілді.

«Біз бақытты отбасымыз!» тақырыбында отбасылық фотоальбом жасау байқауы болып өтті. Байқауға 5-9-10 сынып оқушылары қатысып, жеңімпаздар анықталып оларға мақтау грамоталары берілді.

5-9 сыныптар арасында бейнелеу пән мұғалімі Таубаева Салтанаттың ұйымдастыруымен «Алтын күз-2020» онлайн сурет көрмесі өткізілді. Бұл көрмеге оқушылар белсене қатысып, өз жұмыстарын ұсынды. Жеңімпаздар дипломмен марапатталды.

20 қазан -30 қараша аралығында Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқы – адам құқы» атты республикалық науқаны 1-11 сыныптар арасында онлайн өткізілуде.

Психолог Мырзахметова Гүлнурдың ұйымдастыруымен «Жасөспірімдер арасында өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында презентациялық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қорытындылай келе барлық өткізілген іс-шаралар өз уақытында әлеуметтік желілерге жарияланып отырғанын атап өтті

Қабылданған қаулы.

1.1.2020-2021 оқу жылының 1-ші тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындыларын талдау көрсеткіштері бойынша «қанағаттанарлық» деп бағалынсын және оның нәтижелері бойынша міндеттер белгіленіп жүзеге асырылсын;

1.2.Білім сапасы бірінші тоқсанда 40% -дан төмен болған төмендегі сыныптарда білім сапасын жақсарту бағытындағы шаралар қолға алынсын

-5-Б сынып білім сапасы 20% сынып жетекшісі Исабекова Н.

-7-А сынып білім сапасы 38,5% сынып жетекшісі Абуова А.

-7-Ә сынып білім сапасы 22,2% сынып жетекшісі Құдайбергенова А.

- 8-Б сынып білім сапасы 23,8% сынып жетекшісі Дос К.

- 9-Б сынып білім сапасы 22,7% сынып жетекшісі Ахметова А.

1.3. 1-ші тоқсанда білім сапасы жоғары болған төмендегі сынып жетекшілерінің жұмыстары атап өтілсін:

- 2-Ә сынып білім сапасы 66,7% сынып жетекшісі Сәрсенова Г.

-2-Б сынып білім сапасы 63,6% сынып жетекшісі Тулебаева Р.

- 2-В сынып білім сапасы 78,6% сынып жетекшісі Абдиханова Б.

- 3-Ә сынып білім сапасы 66,7% сынып жетекшісі Мейірбекова Л.

-5-А сынып білім сапасы 77,3% сынып жетекшісі Омарова Н.

-11-А сынып білім сапасы 82,4% сынып жетекшісі Байшанова Ш.

1.4. 2020-2021 оқу жылының 2-ші тоқсанында онлайн сабақтарға оқушылардың сабаққа толық қатыстырылуын қадағалау сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.5. Төменде аты аталған педагог қызметкерлер, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде атқарған орасан еңбегі үшін марапатталуға ұсынылсын.

к/с	Қызметкердің аты-жөні	қызметі
1	Бойтанова Калдыкул	Қосымша білім беру педагогы
2	Жанбирова Баян	Бастауыш сынып мұғалімі
3	Исакулова Гулсара	Бастауыш сынып мұғалімі
4	Пернебаева Назым	Бастауыш сынып мұғалімі
5	Мейірбекова Ләззат	Бастауыш сынып мұғалімі
6	Умбеталиева Райхан	Бастауыш сынып мұғалімі
7	Турганова Эльмира	Бастауыш сынып мұғалімі
8	Тулебаева Райхан	Бастауыш сынып мұғалімі
9	Куатова Айгүл	Бастауыш сынып мұғалімі
10	Көбеева Райхан	Бастауыш сынып мұғалімі
11	Борханова Улбосын	МАД тәрбиешісі

1.6. Тәрбие саласы бойынша 2020-2021 оқу жылының бірінші тоқсанында атқарылған жұмыстар барысы «жақсы» деп бағалансын.

1.7. Тәрбие саласы бойынша қашықтықтан өткізілген іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыра білген Л.Сисенғалиева, Г.Омартай, А.Жұпарбектің еңбектері атап өтіліп, марапаттауға ұсынылсын.

2. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ДОЖБО Г.Мұздыбаева хабарлама жасады. Ол, өз хабарламасында 2020 оқу жылының бірінші тоқсанында өткізілген пәндер олимпиадалары мен білім сайыстарының қорытындыларына тоқталып өтті. Атап айтқанда: 11.09.2020«Үздік авторлық бағдарлама» атты сырттай байқауының аудандық кезеңі өтіп Ж.Сатышева «Математика пәнінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды ғылыми жоба жұмысына дайындау, жетілдіру» тақырыбындағы авторлық бағдарламасымен қатысы 2-ші орынды иеленгенін, 13.10.2020 «IQanat» -республикалық

олимпиадасының аудандық іріктеу туры болып (математика, физика, қазақ тілі, тарих, ағылшын тілі, химия, биология, география), оған 16 оқушы қатысып қорытындысы алдағы уақытта шығатынын, 05.10.-20.10.2020 аралығында Білім шыңы Республикалық ұстаздар мен оқушылар сайтының ұйымдастыруымен «Ең білімді педагог -2020» IV Республикалық пән олимпиадасы өтіп, Б.Жанбиров 1 орын, Г.Сарсенова, А.Жұпарбек 2-ші орынды, Ж.Сатышова, Б.Турманов 3-ші орынды иеленгенін, 01.10.-20.10.2020 КИО ұлттық интернет олимпиадасынан Ж.Сатышова 2-ші орын, Г.Сарсенова 3-ші орын иеленгенін, сонымен қатар 10.11.2020Облыстық бастауыш пән мұғалімдері олимпиадасы болып Б.Жанбиров, Р.Умбеталиева, Қ.Бойтанова, Р.Түлебаева 2-ші орынды иеленсе, А.Қуатова алғыс хатпен марапатталғанын атап өтті атап өтті.

23.10.2020 5 - 6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 50 оқушы қатысқанын, 20.11.20205-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 10 оқушы өткенін, 09-13.11.2020Аймақтық олимпиадаға 27 оқушы қатысып, төмендегі 13 оқушы аудандық кезеңге жолдама алғанын (48,1%)

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Пән жетекшісі
1	Убайдулла Қарақат	9 «Ә»	Математика	Сатышова Жанерке
2	Шахтыбай Аружан	11«А»	Математика	Сатышова Жанерке
3	Шалқар Нұрай	9 «А»	Орыс тілі	Ахмедова Айгул
4	Исмайл Шапағат	10	Орыс тілі	Раева Айгул
5	Нартай Баймахан	11«А»	Орыс тілі	Байшанова Шолпан
6	Тұрманова Айнұр	11«А»	Ағылшын тілі	Кельдибекова Улжан
7	Қалдаш Гүлназ	10	Биология	Сисенгалиева Луара
8	Забыхан Бекнұр	11«Ә»	Биология	Сисенгалиева Луара
9	Сраилов Бибарыс	10	Химия	Қаратай Жарқынбек
10	Тоқболат Аружан	11«А»	Химия	Қаратай Жарқынбек
11	Тұрапбай Ұлмекен	11«Ә»	Информатика	Иманбердиева Айжан
12	Талап Нұрбек	11«А»	География	Пазылова Сандуғаш
13	Төрехан Мерей	11«А»	Тарих	Пазылова Сандуғаш

Және осы оқушыларды олимпиадаға дайындау жұмыстарын пән мұғалімдеріне жүктеуді ұсынды. Сонымен қатар 10.11.2020Облыстық бастауыш пән мұғалімдері олимпиадасы болып Б.Жанбиров, Р.Умбеталиева, Қ.Бойтанова, Р.Түлебаева 2-ші орынды иеленсе, А.Қуатова алғыс хатпен марапатталғанын атап өтті.

Қабылданған қаулы

1. Мұғалімдер арасында өткізілген сайыстарда өз білімімен ерекшеленіп көзге түскен Б.Жанбирова, Г.Сарсенова, Р.Умбеталиева, Қ.Бойтанова, Р.Түлебаева, А.Қуатова, А.Жұпарбек, Ж.Сатышова, Б.Турмановтың еңбектері атап өтілсін.
2. Аудандық олимпиадаға жолдама алған оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. II тоқсанда олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

3. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе мұғалімдердің 1-тоқсанындағы kundelik.kz журналын толтыру барысы туралы ДОЖБО С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол журналды толтыру бойынша үй таспырмасы бар сабақтардың толтырылуы 94,75% , үй тапсырмаларының уақытылы толтырылуы 13,19%, тақырыптарды толтыру 94,17%, жоспарлауды жүргізу 97,36%, журналды жүргізу 94,4%, журналды уақытылы жүргізу 9% ғана құрағанын айта келіп журнал толтыруды уақытында жүргізуді баса назарда ұстау қажеттілігі туралы айтып өтті.

Қабылданған қаулы

- 3.1. 2020-2021 оқу жылының 1-ші тоқсанында kundelik.kz журналын толтыру барысында жіберілген олқылықтардың орнын толықтыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
- 3.2. 2020-2021 оқу жылының 2-ші тоқсанынан бастап kundelik.kz журналын күнделікті толтыруды дағдыға айналдыру мұғалімдерден талап етілсін.
- 3.3. kundelik.kz журналының жүргізілуін тұрақты түрде үйлестіру жұмыстарын жүргізу Қ.Ақшабайға жүктелсін.
- 3.4. Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Е.Оспанов.

Хатшысы:

Ж.Жуманова

Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектеп

Хаттама №3

Рабат ауылы

08.01.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахметова

Қатысқандар –62 адам

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының 2-ші тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары және алдағы міндеттер туралы.
2. 2020-2021 оқу жылындағы мұғалімдердің 1-тоқсанындағы kundelik.kz журналын толтыру туралы.

1. Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мәселе бойынша ДОЖБО С.Нұржанов хабарлама жасады. Ол 2020-2021 оқу жылының екінші тоқсанына талдау жасай келе әр сыныптар бойынша оқушылар қозғалысына тоқталып өтті. Атап айтқанда бірінші тоқсан басында 651 оқушы болса, 1 оқушы келіп, 1 оқушы кеткен, тоқсан соңында 651 оқушы (323 ұл, 328 қыз) бітіргенін атап өтті. Сонымен қатар тоқсандық қорытындыларына сараптама жасады. Атап айтқанда:

сыныбы	Сынып жетекшісі	Оқушы саны	үздікт ер	екпі нді	Білім сапасы	
					1 тоқсан %	2 тоқсан
МАД-А	Сатынбекова Г	16				
МАД-Ә	Борханова Ұ	20				
1-А	Жанбирова Б.	24				
1-Ә	Исакулова Г.	21				
1-Б	Турганова Ә.	20				
2-А	Қуатова А	21	6	5	52,4	52,4
2-Ә	Сарсенова Г.	21	3	6	66,7	42,9
2-Б	Тулебаева Р.	22	6	8	63,6	63,6
2-В	Абдиханова Б.	14	6	2	78,6	57,1
3-А	Пернебаева Н.	27	7	7	48,1	51,9
3-Ә	Мейірбекова Л.	27	9	7	66,7	61,5
4-А	Умбеталиева Р.	24	5	5	50	46,4
4-Ә	Көбеева Р.	26	6	10	53,8	61,5
4-Б	Бейсенбаева К.	23	2	7	47,8	39,1
	1-4 бойынша	270	50	57	57,6	52,5

5-А	Омарова Н.	22	5	12	77,3	73,9
5-Ә	Айтбаева А.	25	3	5	40	33,3
5-Б	Исабекова Н.	20	1	3	20	20
6-А	Нурманкулова Ұ.	21	6	7	52,4	61,9
6-Ә	Жұпарбек А.	20	3	8	55	55
6-Б	Жұманова Ж.	20		5	40	25
7-А	Абуова А.	26	2	9	38,5	42,3
7-Ә	Құдайбергенова А.	27	1	6	22,2	25,9
7-Б	Сабитова А.	10	-	7	50	70
8-А	Таубаева С	21	4	7	52,4	52,4
8-Ә	Арынова Ж.	27	2	8	51,9	37
8-Б	Дос К	21		4	23,8	19
9-А	Бекназаров М	22	5	5	54,5	45,5
9-Ә	Турманов Б	21	4	4	47,6	38,1
9-Б	Ахмедова А.	22	-	4	22,7	18,2
	5-9 бойынша	325	36	94	42,8	40
10	Орынбаева Ж.	21	3	4	47,6	33,3
11-А	Байшанова Ш.	17	5	11	82,4	94,1
11-Ә	Мырзахметова Г.	18	1	9	55,6	52,6
	10-11 бойынша	56	9	24	60,7	58,9
	Мектеп бойынша	651	95	175	49,7	46,1

болғандығын айта келіп, оқу жылының екінші тоқсанында бастауыш сыныпта 50 оқушы үздік 57 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 52,5% құрап өткен тоқсаннан 5,1 пайызға төмендегенін, 5-9 сыныптарда 36 оқушы үздік 94 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 40% құрап, білім сапасы 2,8 пайызға төмендесе, 10-11 сыныптарда 9 үздік, 24 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 58,9% құрап білім сапасы 1,8 пайызға төмендеген. Мектеп бойынша 2-ші тоқсандағы білім сапасы 1-ші тоқсандағы білім сапасынан 3,6 пайызға төмендеген. Сыныптар бойынша 2-Ә сыныбы 23,8 пайызға (сынып жетекшісі Сарсенова Г), 2-В сыныбы 21,6 пайызға (сынып жет Абдиханова Б), 4-Б сыныбы 8,7 пайызға (сын.жет Бейсенбаева К.), 5-Ә сыныбы 6,7 пайызға (сын. жет. Айтбаева А.), 6-Б сыныбы 15 пайызға (сын.жет Жуманова Ж.), 8-Ә сыныбы 14,9 пайызға (сын.жет Арынова Ж.), 9-А сыныбы 9 пайызға (сын. жет Бекназаров М.), 9-Ә сыныбы 9,5 пайызға (сын.жет Турманов Б.) төмендегендігі байқалғандығын, тек 3-А, 4-Ә, 6-А, 7-А, 7-Ә, 7-Б, 11-А сыныптарында ғана ілгерілеушіліктің бар екенін айта келіп, білім сапасындағы олқылықтардың орнын толтыру үшін мүкіншілігінше 5,9,11 сыныптарды кезекші топтарда оқытуға тартуды ұсынды. Келесі кезекте сөз алған мектеп директоры

Е.Оспанов оқушыларды мектепке кезекші топтарға тарту үшін ата-ананың өтініші болу керек екенін, сыныптар СЭС талаптарына сай жабдықталуы қажет екенін, сабақтардың жүргізілуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына (2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы, 28.12.2020 жылғы №548 бұйрығы) сай жүргізілуі қажет екенін атай келе, 25.12.2020ж өткен директор жанындағы кеңесте қаралған мәселелер бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы туралы сынып жетекшілердің есеп беруі сұралды. Келесі кезекте сөз алған 5,9,11 сынып жетекшілері өз сыныптары бойынша ата-аналарының өтініштері бойынша оқушылардың кезекші немесе қашықтан оқуы туралы өз мәлімдемелерін жасады.

Келесі кезекте сөз алған ДОЖБО Г.Мұздыбаева және С.Нуржанов офлайн режимінде оқуға және онлайн режимінде оқытуда төмендегіше топтарды құруды ұсынды.

р/с	сыныбы	Сынып саны	Оқушы саны	Кезекші сыныпта оқуға өтініш берген оқушы саны	Қашықтан оқуға өтініш берген оқушы саны	Ұсынылған кезекші сынып саны	Ақы төлеуге ұсынылған кезекші сынып саны
1	МАД	2	36	30	6	2	
2	1	3	65	62	3	6	3
3	2	4	78	64	14	5	2
4	3	2	53	48	5	4	2
5	4	3	73	61	12	5	2
6	5	3	67	54	13	4	1
7	9	3	65	54	11	4	1
8	11	2	36	12	24	1	
барлығы		20	437	355	82	29	11

1. Келесі кезекте сөз алған ДТЖБО Нарбаева Қ. тәрбие саласы бойынша 2020-2021 оқу жылындағы қараша пен желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар бойынша хабарлама жасады. Ол, тәрбие саласы бойынша жоспарланған жұмыстарға, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай өткізілген іс-шараларға тоқталып өтті. Атап айтқанда, тәлімгер Пернебай Меруерттің ұйымдастыруымен 8-10 сыныптар арасында "Алтын күз-2020" онлайн байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерін таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру болды. Іс-шар бағдарламасы 4 бөлім бойынша өткізіліп, байқауға белсене қатысқан оқушылар анықталып мақтау қағазымен марапатталды.

24.11.2020 күні "ҚР Тұңғыш Президент күніне" орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау мақсатында 7- 9 сынып оқушыларымен "ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің қалыптасуындағы және сыртқы саясатын дамуындағы рөлі" тақырыбында өткізілді. "Елбасы - ел тірегі" атты слайд көрсетілімі Мақсаты : Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту;

25.11.2020 жыл Қарақозы Әбдалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні "Елі сүйген, елін сүйген Елбасы" атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге елбасының бірнеше данаға жуық әр жылдары баспадан шыққан кітаптары қойылып библиографиялық шолу жасалды.

25.11.2020 күні "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне" орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау мақсатында "Елбасы-кемеңгер көшбасшы" тақырыбында 5-10 сынып оқушылары арасында қашықтықтан эссе байқауы өткізілді. Ұйымдастырушы қазақ тілі пәні мұғалімі Омарова Н.

26.11.2020 күні "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне" орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау мақсатында "Менің Қазақстаным!", "Менің Тұңғыш Президентім" тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен қашықтықтан тәлімгер Пернебай Меруерттің ұйымдастыруымен сурет байқауы өткізілді.

Қазақстан Республикасының "Тұңғыш президенті күніне" орай Қазақстан тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау мақсатында қашықтықтан (онлайн) "Менің Тұңғыш президентім" атты апталығы, "Тәуелсіз ұлттың көш басшысы" атты өлеңдер байқауын ұйымдастырушы педагогы Анар Урисбаеваның ұйымдастыруымен 4 сынып оқушыларымен өткізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Адалдық сағаты" 5 - 11 сынып оқушыларымен қашықтықтан адалдық сағаттары өткізілді. Сабақта мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым, ақын Ахмет Байтұрсынұлына арналып "Ахмет Байтұрсынұлы - адамдық пен білім диқаншысы" тақырыбында және Б.Шойбековпен жүргізілген сұхбатты бейнежазбалары жөнінде оқушылар өз пікірлерімен бөлісті.

07.12.2020 күні "16- желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік" мерекесіне орай Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 2- сынып оқушылары (60 оқушы) "Жас қыран" тобына қашықтықтан салтанатты түрде ант беріп қабылданды. Жас қыраншыларға ДТІЖО Қ.Нарбаева құттықтау сөз сөйледі. Оқушыларға "Жас қыран" төсбелгісі ресми түрде тағылды.

09.12.2020 күні "Тәуелсіз ел - Қазақстан" тақырыбында 5-6 сынып оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға балалар белсене қатысып, тақырыпты аша білді. Жұмыстар ұқыпты, түсі мен композициялық үйлесімі сақталған. Өз Отанына деген сүйіспеншілігін жұмыстары арқылы танытты. Жақсы деп танылған оқушылардың жұмысын тамашалаңыздар.

Аталған байқауға: Тұрғын Аймарал, Алтынбек Нұрмерей, Нұрлыбай Ерасыл, Төлеген Шыңғысхан 5Ә, Бақтыбай Ақтілек, Абдіхан Айса, Калмахан Шұғыла 5А, Елен Ғайний, Мелдебек Нұрдаулет 6А сынып оқушылары қатысты. Жарайсыңдар жас суретшілер.

10.12.2020 күні "10 желтоқсан - құқық күніне" орай "Ақиқат" дебат клубының "Сенің құқығың" атты қашықтықтан 11 А сыныбымен тарих пәні мұғалімі Пазылова Сандұғаш слайд көрсетілімін көрсетті. Дебат сабағында оқушылар өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.

Тоқсан барысында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, ескерту мақсатында "Жасөспірім" іс-шарасы аясында мұғалімдері арасынан ұйымдастырылған кезекшілер түнгі рейдке шықты. Кезекшілік кезінде оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Көшелерге, адамдар көп шоғырланатын орындарға, ойынханалар мен дүкен, кафелерде оқушылардың жүруін қадағалау мақсатында тексерілді.

12.12.2020 күні 1986 жылдың желтоқсанындағы адал да, аңғал Қазақ жастарының бодандыққа қарсы жойқын бұлқынысы, бейбіт шеруге шыққан, тұңғыш рет Кеңес империясының зорлықшыл тас қамалына тайсалмай қарсы шыққан желтоқсан

құрбандарының ерлігін, жалынды жырларын оқушылар көңіліне ұялату, адамгершілікке, Отанын сүйуге, сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында 5 "А" сыныбының жетекшісі Н.Омарованың ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік - тірегім, Қазақстан - жүрегім" атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатында Әбдіқадір Абат "Қабірден хат" Қайрат Рысқұлбековтың монологын, Сахан Ибрахим "Азаттық" өлеңін оқуда өз шеберліктерімен көзге түскендерін атап өтті.

14.12.2020 күні "Желтоқсан жаңғырығы" атты онлайн ашық тәрбие сағаты 7"Ә" сыныбымен жетекшісі А.Құдайбергенованың ұйымдастыруымен өткізілді. Ашық тәрбие сағатында желтоқсан оқиғасының куәгері, жанын елі үшін құрбандыққа тігіп алаңға шыққан жастардың бірі болған, ауылымыздың азаматы Құдайбергенов Сәбит Сарыпбекұлымен онлайн кездесу ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған "Тұғырлы бол, Тәуелсіздік" атты мерекелік іс-шара аясында "Жас ұлан" балалар ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Оқушыларымыз ант беріп, "Жас ұлан" ұйымының әнұранын орындады. Салтанатты жиында мектеп директоры Е.Е.Оспанов оқушыларды құттықтап сөз сөйледі.

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Тұғырлы бол, Тәуелсіздік" атты іс-шарасы аясында Отанымыздың тарихы мен дамуын, тәуелсіздіктің құндылықтарын насихаттау, патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында "Ауылым - алтын бесігім" тақырыбында 7 - сынып оқушылары арасында қашықтықтан презентациялар байқауы өткізіліп жеңімпаз болған 7 "А" сынып оқушылары марапатталды.

16 Желтоқсан күні 8 «а» сынып оқушыларымен «Өнер тәрбие негізі», «Қазақстан халқының қолданбалы өнері», «Шығармашылық шеберхана» атты Қазақстан Республикасы сүйретшілер одағының мүшесі, жерлесіміз Қосуақов Құралбек ағаймен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушыларымыз Құралбек ағайдың өмір жолымен, жұмыстары мен танысып, марапаттарын көріп және де оқушылар дайындап келген өлең-шұмақтарын оқып, кездесу жоғары деңгейде өткізіліп оқушылар кездесуден керемет әсерге бөленді;

21.12.2020 күні елдегі болып жатқан пандемияға қарсы медбике Қалдыбаева Зинаның ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларымен "Вирустық аурулардан қалай сақтануға болады?" және "Коронавирус 2019" тақырыбында онлайн сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатында вирустық аурулардан сақтану жолдары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар 28.12.2020 жылы АІБ қызметкері полиция капитаны Т.Нурбеков, Қ.Абдалиев ауыл округтік жастар ресурстық орталығының маманы Ә.Шәріпханов, ата-аналар комитетінің төрайымы Қ.Байболова, Рабат ауылдық аурухана дәрігері Л.Әлиеваның қатысуымен онлайн мәжіліс өткізілгенін, "Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мен олардың қадағалау сыз және панасыз қалуы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын-алу бойынша және пандемия кезінде "COVID -19" вирустық инфекцияның алдын - алу" мақсатында ата - аналар мен оқушылар, сынып жетекшілер арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін атап өтті. Жиналысқа қатысушылар тәрбие саласындағы жұмыстардың ұйымдастырылу деңгейінің жоары екенін атай келе тәрбие жұмыстары бойынша жұмыстардың орындалуын «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қабылданған қаулы

2.1.2020-2021 оқу жылының 2-ші жарты жылдығында, 1-4, 5,9,11 сыныптарда төмендегі кезекші топтар құрылсын:

Мектеп	Сыныптардағы топтар	Бала саны	Сабақ беріп жатқан мұғалімдер саны	Онлайн (қашықтан) режимде оқуда
Қ.Әбдалиев жоббм	1 А тобы	12	11	34
	1 А тобы	12		
	1 Ә тобы	10		
	1 Ә тобы	10		
	1 Б тобы	9		
	1 Б тобы	9		
	2 А тобы	13		
	2 А тобы	12		
	2 Б тобы	14		
	2 Б тобы	13		
	2 В тобы	12		
	3 А тобы	12		
	3 А тобы	12		
	3 Ә тобы	12		
	3 Ә тобы	12		
	4 А тобы	12		
	4 А тобы	11		
	4 Ә тобы	12		
	4 Ә тобы	12		
	4 Б тобы	14		
	Жалпы	235	11	34
	5-А тобы	14	14	13
	5-Ә тобы	13		
	5-Б тобы	13		
	5- тобы	14		
	Жалпы	54		
	9 –А тобы	14	14	11
	9-Ә тобы	14		
	9-Б тобы	13		

	9- тобы	13		
	Жалпы	54		
	11- тобы	12	8	24
	Жалпы	355	47	82

2.2.2020-2021 оқу жылының 2-ші жартыжылдығында, кезекші сыныптардың оқытылуына байланысты, мектепте 29 кезекші сыныптары ашылып онда 355 оқушы білім алуда, кезекші сыныптарда сабақ жүргізетін мұғалімдердің артық жүктемемен жұмыс жүргізуі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 11 мамыр 2020 жылғы №191 бұйрығына сай төменде аты аталған мұғалімдерге қосымша еңбек ақы төленуін қамтамасыз ету аудандық білім бөлімінен сұралсын.

р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Сабақ беретін пәні	сыныбы	Қосымша төленетін апталық сағат
1	Жанбирова Баян	бастауыш	1-А	12
2	Исакулова Гулсара	бастауыш	1-Ә	12
3	Турганова Эльмира	бастауыш	1-Б	12
4	Қуатова Айгүл	бастауыш	2-А	13
5	Тулебаева Райхан	бастауыш	2-Б	13
6	Пернебаева Назым	бастауыш	3-А	15
7	Мейрбекова Лаззат	бастауыш	3-Ә	15
8	Умбеталиева Райхан	бастауыш	4-А	15
9	Кобеева Райхан	бастауыш	4-Ә	15
10	Бейсенбаева Камила	бастауыш	4-Б	
11	Омартай Гүлзабира	Қазақ тілі	5-Ә,5-Б	3
12	Омартай Гүлзабира	әдебиет	5-Ә,5-Б	
13	Омарова Назгүл	Қазақ тілі	5-А	
14	Омарова Назгүл	Әдебиет	5-А	2
15	Шертимова Гүлмейрам	математика	5-Ә,5-Б	5
16	Мирзахмедова Рабиға	математика	5-А	
17	Нуржанов Сапарғали	Қазақстан тар	5-А,5-Ә,5-Б	2

18	Нуржанов Сапаргали	Д.ж. тарихы	5-А,5-Ә,5-Б	1
19	Қараш Жұмагүл	жаратылыстан	5-А,5-Ә,5-Б	2
20	Оспанов Ералы	физика	9-А,9-Ә,9-Б	2
21	Нарбаева Қалима	Қазақ тілі	9-А	2
22	Нарбаева Қалима	әдебиет	9-А	
23	Омарова Назгүл	Қазақ тілі	9-Ә,9-Б	
24	Омарова Назгүл	Әдебиет	9-Ә,9-Б	3
25	Ергебеков Ерболат	геометрия	9-А	2
26	Сатышова Жанерке	алгебра	9-Ә,9-Б	3
27	Тағасев Жандарбек	Қазақ тарихы	9-А,9-Ә,9-Б	2
28	Тағасев Жандарбек	Д.ж. тарихы	9-А,9-Ә,9-Б	
29	Тұрманов Бауыржан	география	9-А,9-Ә,9-Б	2
30	Қараш Жұмагүл	биология	9-А,9-Ә,9-Б	2
31	Қаратай Жарқынбек	химия	9-А,9-Ә,9-Б	2

2.3. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастырылып (топтағы бала саны 5 баладан артық емес) қосымша сабақтарды ұйымдастыру пән мұғалімдеріне жүктелсін;

2.4. Мектепте тәрбие саласы бойынша орындалған жұмыстардың сапалы орындалғаны ескеріліп мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ.Нарбаева мен Ш.Байшанованың жұмыстары атап өтілсін;

2.5. Мектепте тәрбие саласы бойынша 2-ші тоқсандағы жұмыстардың жүргізілу сапасы «жақсы» деп бағалансын;

2. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе мұғалімдердің 1-тоқсанындағы kundelik.kz журналын толтыру барысы туралы ДОЖБО С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол журналды толтыру бойынша үй тапсырмасы бар сабақтардың толтырылуы 94,75% , үй тапсырмаларының уақытылы толтырылуы 13,19%, тақырыптарды толтыру 94,17%, жоспарлауды жүргізу 97,36%, журналды жүргізу 94,4%, журналды уақытылы жүргізу 9% ғана құрағанын айта келіп журнал толтыруды уақытында жүргізуді баса назарда ұстау қажеттілігі туралы айтып өтті. Келесі кезекте сөз алған бастауыш сынып мұғалімі Р.Үмбеталиева kundelik.kz журналын уақытылы, сапалы жүргізу заман талабы екенін, бірақ онымен қатар қағаз журналды қосымша толтырудың қажеттілігі жоқ деп өз пікірін білдірді. Бұл ұсыныс мұғалімдер тарапынан қолдау тапты.

Қабылданған қаулы

- 2.1. 2020-2021 оқу жылының 2-ші тоқсанында kundelik.kz журналын толтыру барысында жіберілген олқылықтардың орнын толықтыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
- 2.2. 2020-2021 оқу жылының 3-ші тоқсанынан бастап kundelik.kz журналын күнделікті толтыруды мұғалімдерден қатаң түрде талап етілсін.
- 2.3. Қағаз журналдың жүргізілуі осы күннен тоқтатылып толығымен kundelik.kz электронды журналға көшірілсін.
- 2.4. Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Е.Оспанов.

Хатшысы:

Г.Мырхаметова

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Хаттама №4

Рабат ауылы

31.03.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахметова

Қатысқандар – 51 адам

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының 3-ші тоқсанындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындыларына талдау және алдағы міндеттер туралы.
2. 2020-2021 оқу жылында 9-А,Ә,Б, 11-А,Ә сыныпты қорытынды аттестаттауға дайындау туралы.
3. «Алтын белгі» белгісіне және ерекше үлгідегі аттестат, негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер оқушыларды ұсыну туралы.
4. 2020-2021 оқу жылының 4-ші тоқсанын ұйымдастыру туралы.

1.Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мәселе бойынша ДОЖБО С.Нұржанов хабарлама жасады. Ол 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанына талдау жасай келе әр сыныптар бойынша оқушылар қозғалысына тоқталып өтті. Атап айтқанда екінші тоқсан басында 651 оқушы болса, 5 оқушы келіп, 10 оқушы кеткен, тоқсан соңында 646 оқушы (319 ұл, 327 қыз) бітіргенін атап өтті. Сонымен қатар әр тоқсанның қорытындыларына салыстыра келе сараптама жасады. Атап айтқанда:

сыныбы	Сынып жетекшісі	Оқушы саны	үздіктер	екпінді	Білім сапасы		
					1 тоқсан %	2 тоқсан	3 тоқсан
МАД-А	Сатынбекова Г	15					
МАД-Ә	Борханова Ұ	20					
1-А	Жанбиров Б.	23					
1-Ә	Исакулова Г.	20					
1-Б	Турганова Ә.	20					
2-А	Қуатова А	22	6	6	52,4	52,4	54,5
2-Ә	Сарсенова Г.	20	2	10	66,7	42,9	60
2-Б	Тулебаева Р.	20	4	9	63,6	63,6	65
2-В	Абдиханова Б.	13	7	2	78,6	57,1	69,2
3-А	Пернебаева Н.	27	4	9	48,1	51,9	48
3-Ә	Мейірбекова Л.	26	7	11	66,7	61,5	69,2

4-А	Умбеталиева Р.	24	7	4	50	46,4	45,2
4-Ә	Көбеева Р.	26	5	10	53,8	61,5	57,7
4-Б	Бейсенбаева К.	23	2	8	47,8	39,1	43,5
	1-4 бойынша	264	44	69	57,6	52,5	56,2
5-А	Омарова Н.	23	6	7	77,3	73,9	56,2
5-Ә	Айтбаева А.	24	3	7	40	33,3	41,7
5-Б	Исабекова Н.	20	1	7	20	20	40
6-А	Нурманкулова Ұ.	21	6	7	52,4	61,9	61,9
6-Ә	Жұпарбек А.	20	4	7	55	55	55-
6-Б	Жұманова Ж.	20	1	7	40	25	40
7-А	Абуова А.	26	3	7	38,5	42,3	38,5
7-Ә	Құдайбергенова А.	27	1	5	22,2	25,9	22
7-Б	Сабитова А.	10	1	6	50	70	70
8-А	Таубаева С	21	3	7	52,4	52,4	47,6
8-Ә	Арынова Ж.	27	1	11	51,9	37	44,4
8-Б	Дос К	21	2	3	23,8	19	23,8
9-А	Бекназаров М	22	4	5	54,5	45,5	40,9
9-Ә	Турманов Б	21	4	4	47,6	38,1	38,1
9-Б	Ахмедова А.	21	-	3	22,7	18,2	14,3
	5-9 бойынша	324	40	93	42,8	40	41
10	Орынбаева Ж.	21	3	4	47,6	33,3	33,3
11-А	Байшанова Ш.	18	5	11	82,4	94,1	88
11-Ә	Мырзахметова Г.	19	2	10	55,6	52,6	63,2
	10-11 бойынша	56	10	25	60,7	58,9	60,3
	Мектеп бойынша	646	94	187	49,7	46,1	48,2

болғандығын айта келіп, оқу жылының үшінші тоқсанында бастауыш сыныпта 44 оқушы үздік 69 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 56,2% құрап өткен тоқсаннан 3,7 пайызға жоғарылағанын, 5-9 сыныптарда 40 оқушы үздік 93 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 41% құрап, білім сапасы 1 пайызға, 10-11 сыныптарда 10 үздік, 25 оқушы жақсы деген бағамен аяқтап білім сапасы 60,3% құрап білім сапасы 1,4 пайызға жоғарылаған. Мектеп бойынша 3-ші тоқсандағы білім сапасы 2-ші тоқсандағы білім сапасынан 2,1 пайызға жоғарылағанын атап өтті. Сыныптар бойынша 3-А сыныбы 3,9 пайызға (сынып жетекшісі Пернебаева Н.), 4-Ә сыныбы 3,8 пайызға (сынып жет Көбеева Р.), 5-А сыныбы 17,2 пайызға (сын.жет Омарова Н.), 7-А сыныбы 3,8 пайызға (сын. жет.

Абуова А.), 7-Ә сыныбы 3,7 пайызға (сын.жет Құдайбергенова А.), 8-А сыныбы 4,8 пайызға (сын.жет Таубаева С.), 9-А сыныбы 4,6 пайызға (сын. жет Бекназаров М.), 9-Б сыныбы 3,9 пайызға (сын.жет Ахмедова А.) төмендегендігі байқалғандығын, ал 5-А, 9-А, 9-Б сыныптарнда әр тоқсан сайын тек білім сапасының төмендеу құбылысы байқалатынын айта келіп, білім сапасындағы олқылықтардың орнын толтыру бағытында жүйелі жұмыстарды қолға алу қажеттілігі туралы атап өтілді.

Келесі кезекте сөз алған мектеп директоры Е.Оспанов 3-ші тоқсанда бастауыш, 5, 9, 11 сынып оқушылары мүмкіншілігінше кезекші топтарға тартылғандығын, мектептег офлайн режимінде оқыту СЭС талаптарына сай ұйымдастырылғанын, мұғалімдердің артық атқарған қызметтері үшін қосымша еңбекақы төленгенін, дегенде білім сапасының өсу деңгейінің өз дәрежесінде болмағанын, офлайн режимінде оқытылған 3-А, 4-А, 5-А, 9-А, 9-Б сыныптарындағы көрсеткіштің төмен дәрежеде болғанын ескерте келіп 4-ші тоқсаннан бастап білім берудегі олқылықтардың орнын толтыру бағытында жұмыстар атқарылу қажеттілігі туралы атап өтті. Сонымен қатар kundelik.kz электронды журналдың жүргізілуі біршама жолға қойылғанын, пән мұғалімдерінің журнал жүргізуді дағдыға айналдырғандарын атап өтті.

Келесі кезекте сөз алған ДОЖБО Г.Мұздыбаева оқушылардың 3-ші тоқсанда қатысқан білім сайыстарының нәтижелеріне тоқталып өтті. Атап айтқанда: 25.03.2021ж 9-сыныптар арасында «IQanat» олимпиадасына қатысқан 6 оқушы облыстық кезеңге жолдама алса, 25.01.2021ж «IQanat» -республикалық олимпиадасының аудандық іріктеу туры (математика, физика, қазақ тілі, тарих, ағылшын тілі, химия, биология, география) бойынша 8 сыныптың 2 оқушысы 2-турға өтті. Сонымен қатар 8-12.02.2021 аралығында оқушылар олимпиадасының аудандық кезеңіне өткен 13 оқушының 5-і жеңімпаз болып түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталды.

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Алған орны	Пән жетекшісі
1	Убайдулла Қарақат	9 «Ә»	Математика	ІІІ орын	Сатышова Жанерке
2	Шахтыбай Аружан	11«А»	Математика	ІІІ орын	Сатышова Жанерке
3	Исмайл Шапағат	10	Орыс тілі	ІІ орын	Раева Айгул
4	Тұрманова Айнұр	11«А»	Ағылшын тілі	ІІ орын	Кельдибекова Улжан
5	Тұрапбай Ұлмекен	11«Ә»	Информатика	номинация	Иманбердиева Айжан

20-27.02.2021ж аралығында өткен «Алтын ұрпақ» зияткерлік сайысына қатыстырылған 2-11 сынып оқушыларының 59-ы жүлделі орындарға ие болды (4-оқушы бірінші орын, 31 оқушы 2-ші орын, 25 оқушы 3-ші орын)

10-18.03.2021ж аралығында өткен «Бәйтерек» зияткерлік сайысына қатыстырылған 2-11 сынып оқушыларының 31-і жүлдегер атанды.(9 оқушы 1- орын, 16 оқушы 2- орын, 6 оқушы 3-орын)

Ал 16-18.03.2012 жылы 7-8 сыныптар аралығында өткізілген «Жас қанат» олимпиадасына, 25.03.2021 жылы бастауыш сыныптар арасында өткізілген «Бастау» турниріне қатыстырылған оқушылар жүлделі орындарға іліге алмағандығын атап өтті.

Сонымен қатар 25.03.-31.03.2021ж аралығында мұғалімдер арасында өткізілген пәндер олимпиадасына қатысқан 8 мұғалімнің 3-і жеңімпаз болып түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталса, екі мұғалім номинация иегері болды. Аудандық пән мұғалімдері олимпиадасының қорытындысы

p/c	Мұғалімнің аты –жөні	Пәні	Алған орны
1	Нұрсали Жанар	Ағылшын тілі	II орын
2	Пазылова Сандуғаш	Тарих	номинация
3	Турманов Бауыржан	География	III орын
4	Қаратай Жарқынбек	Химия	I орын
5	Қараш Жұмагүл	Биология	номинация

Мектебімізде «Найзағай» өнер отауында, «Намыс» спорт отауы, «Жансарай» қоғамдық-таным отауы, «Ізденіс» ғылым отауында 19 үйірме мен клубтар қоғамдық негізде жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Қыз Жібек» қыздар клубы, «Жас азамат» ұлдар клубы және өзін өзі басқару ұйымдары құрылған.

Келесі кезекте сөз алған ДТЖБО Қ.Нарбаева тәрбие саласы бойынша жоспарланған жұмыстар, санитарлық талаптарға сай жүргізілуде екенін, Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау, оқушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, оқушылар бойындағы адами құндылықтарды, шығармашылықтарын дамыту, танымдық қабілеттерін арттыру, Еліміздің құндылықтарын таныту, құқық бұзушылықтың алдын алу, даталы күндерді, мерекелік күндерді атап өту бағытында түрлі іс-шаралар, апталықтар, кездесулер, көрмелер, челленджер, ұйымдастырылып өткізілгенін, атап айтқанда «Кәсіптік бағдар беру» жұмыстары бойынша, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына, Ұлы Абайдың 175 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, ҚР Конституциясының 25 жылдығына, Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толуына, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына, " 1 наурыз- Алғыс айту күніне", 8-наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне, Наурыз мерекесіне орай ауқымды іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар оқу жылы барысында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында " Жасөспірім" іс-шарасы аясында мұғалімдері арасынан кезекшілік ұйымдастырылып көшелерге, адамдар көп шоғырланатын орындарға, ойынханалар мен дүкен, кафелерде оқушылардың жүруін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер жүргізіліп отырады. Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен, әкімшілік, ата-аналар комитеті мүшелерімен, орталық аурухана қызметкерлерімен бірлескен онлайн кездесулер өткізіліп түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында мектеп медбикелерінің ұйымдастыруымен 1-11 сынып оқушыларымен "Вирустық аурулардан қалай сақтануға болады?" және " Коронавирус 2019" тақырыбында онлайн сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатында вирустық аурулардан сақтану жолдары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

Қабылданған қаулы:

1.1.2020-2021 оқу жылының 3-ші тоқсанында оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілу барысы қанағаттанарлық деп танылсын;

1.2. Түрлі тақырыптардағы пәндер олимпиадаларға оқушыларды өз деңгейінде дайындау пән мұғалімдеріне жүктелсін;

1.3. Олимпиада, байқауларға оқушыларды қатыстыру сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жүктелсін;

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол 2020-2021 оқу жылында бітіретін 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау бойынша тоқталып өтті. Атап айтқанда 9 және 11 сынып оқушылары негізгі және орта білім туралы аттестаты алу үшін қорытынды емтихандар тапсыратынын, сонымен қатар 11 сынып бітірушілердің жоғары оқу орнына түсуге ниет білдіргендері ҰБТ тапсыратынын және ондағы өзгерістер туралы тоқталып өтті. Биылғы жылы оқушылар ҰБТ-ны электронды түрде тапсыратынына тоқталды. Мектеп бітірушілерге білім гранты үшін конкурсқа қатысу үшін 2 рет ҰБТ тапсыруға мүмкіншілік берілетінін, ақылы оқуға түсу үшін 3 рет ақылы тест тапсыруға болатынын атап өтті. Сонымен қатар наурыз айында өз білімін тексеру мақсатында мектеп бітіруші 37 оқушының ақылы ҰБТ тапсырғанын ,мектеп оқушыларының орта көрсеткіші балл болғанын атап өтті. Сонымен қатар оқушыларды қортынды аттестаттауға, ҰБТ-ға сапалы дайындау мақсатында іс-шара жоспарын жасап оқушылардың сапалы дайындығын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізу қажеттілігі туралы айтып өтті.

Қабылданған қаулы:

- 1.1. Оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау бағытында орындалатын жұмыстардың іс-шара жоспары жасалып бекітуге ұсынылсын.
- 1.2. Оқушыларға жүргізілетін қосымша сабақтар кестесі жасалып, кестеге сай пән мұғалімдеріне қосымша сабақтар өткізу жүктелсін.
- 1.3. Оқушылардың қосымша сабақтарға қатыстырылуын талап ету сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 1.4. Оқушылардың мамандық таңдауына бағыт бағдар беру жұмыстарын үйлестіру мектеп психологтары мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 1.5. Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін.

3.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе мектеп бітіруші оқушыларды «Алтын белгі» белгісіне және ерекше үлгідегі аттестат, негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа үміткер оқушыларды ұсыну туралы ДОЖБО С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол мектеп бітіруші оқушылардың 5-11 сыныптардағы журналдарын тексеру барысында, 5-11 сыныптарда ағымдағы, тоқсандық, жылдық бағалары барлық пәндерден «үздік» болған Тағайбек Аяна Қайратбекқызы,Тоқболат Аружан Төрәліқызы,Турманова Айнур Бейсенқызын «Алтын белгіге» үміткер, ал 10 және 11 сыныптардағы тоқсандық және жылдық бағалары «үздік» болған Әлім Оразәлі Ерланұлын үздік аттестаттан үміткер ретінде, сонымен қатар 9-сыныпты бітіретін және негізгі орта білім туралы аттестатқа қойылатын бағалары негізінде Ержанқызы Адина, Камлхан Аружан Серікқызы, Өмірзақ Ақмарал Ақылбекқызы, Тоқболат Мерей Төрәліқызы, Шалкарова Нұрай Сабитқызы, Фатай Нұрдана Жасарқызын негізгі орта білім туралы үздік аттестаттан үміткер ретінде ұсыну

туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс, жиналысқа қатысушы ұжым мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Қабылданған қаулы:

- 3.1. 9 сыныпты бітіретін Ержанқызы Адина, Камлхан Аружан Серікқызы, Өмірзақ Ақмарал Ақылбекқызы, Тоқболат Мерей Төрәліқызы, Шалкарова Нұрай Сабитқызы, Фатай Нұрдана Жасарқызын негізгі орта білім туралы үздік аттестаттан үміткер ретінде ұсынылсын.
- 3.2. 5-11 сыныптардағы тоқсандық, жылдық, қорытынды бағалары үздік болған Тағайбек Аяна Қайратбекқызы, Тоқболат Аружан Төрәліқызы, Турманова Айнура Бейсенқызы «Алтын белгі» белгісі аттестатына үміткер болып ұсынылсын.
- 3.3. 10 және 11 сыныптардағы бағалары үздік болған Әлім Оразәлі Ерланұлы үздік аттестаттан үміткер болып ұсынылсын.

4. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол, Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 31.03.2021 жылғы «Түркістан облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» №7 қаулысын басшылыққа ала отырып 2020-2021 оқу жылының 4-ші тоқсанында оқыту процесін аралас форматта ұйымдастыруды ұсынды. Сонымен қатар, 4-ші тоқсан барысында СЭС талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын жұмыстар барысына және оған жауапты тұлғаларды таныстырып өтті. ДОЖБО С.Нуржанов офлайн және онлайн оқытылатын сабақтар тізімдемесін хабарлай келе бекітуді сұранды. Хабарланған мәселелер педагог қызметкерлер тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Қабылданған қаулы:

- 4.1. МАД, 1-11 сынып оқушылары 2020-2021 оқу жылының 4-ші тоқсанында, 1-сәуірден бастап барлық оқушылар аралас форматта оқытылсын.
- 4.2. Бастауыш сыныптарындағы төмендегі негізгі сабақтар офлайн (штаттық) режимде аптаның дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері, ал қалған сабақтары онлайн (қашықтан) режимінде аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері өткізілсін:
 - а) 1-ші сыныптарда- сауат ашу - 6 сағат, математика – 4 сағат, жаратылыстану 1-сағат, дүниетану 1-сағат, орыс тілі 1-сағат, ағылшын тілі 1- сағат, дене тәрбиесі 1-сағат (барлығы-15 сағат);
 - ә) 2-ші сыныптарда- Қазақ тілі- 4 сағат, әдебиеттік оқу- 3 сағат, математика – 4 сағат, жаратылыстану-1 сағат, дүниетану-1 сағат, орыс тілі 1-сағат, ағылшын тілі 1- сағат, дене тәрбиесі 1-сағат (барлығы- 16 сағат);
 - б) 3-ші сыныптарда - Қазақ тілі- 4 сағат, әдебиеттік оқу- 3 сағат, математика – 5 сағат, жаратылыстану-2 сағат, дүниетану-1 сағат, орыс тілі 1-сағат, ағылшын тілі 1- сағат, дене тәрбиесі 1-сағат (барлығы- 18 сағат);
 - в) 4-ші сыныптарда - Қазақ тілі- 4 сағат, әдебиеттік оқу- 3 сағат, математика – 5 сағат, жаратылыстану-2 сағат, дүниетану-1 сағат, орыс тілі 1-сағат, ағылшын тілі 1- сағат, дене тәрбиесі 1-сағат (барлығы- 18 сағат);

4.3.5-11 сыныптарындағы негізгі сабақтар офлайн (штаттық) режимде аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері, ал қалған төмендегі сабақтар онлайн (қашықтан) режимінде аптаның сәрсенбі, жұма күндері өткізілсін:

- а) 5-ші сыныптарда- Математика (таңдау пәні) -1 сағат, Қазақстан тарихы (т.п.)-1 сағат, көркем еңбек -2 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, робототехника -1 сағат, музыка -1сағат, информатика -1 сағат; (барлығы-10 сағ)
- ә) 6-шы сыныптарда- Қазақ тілі (т.п.)- 1 сағат, математика -1 сағат, Қазақстан тарихы (т.п.)-1 сағат, көркем еңбек -2 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, робототехника -1 сағат, музыка -1сағат, информатика -1 сағат; (барлығы-11 сағ)
- б) 7-ші сыныптарда- Қазақстан тарихы (т.п.)-1 сағат, көркем еңбек -1 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, робототехника -1 сағат, информатика -1 сағат, дүние жүзі тарихы-1 сағат (барлығы-8 сағ)
- в) 8-ші сыныптарда - көркем еңбек -1 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, робототехника -1 сағат, информатика -2 сағат, дүние жүзі тарихы-1 сағат, география (т.п) -1 сағат, (барлығы-9 сағ)
- г) 9-шы сыныптарда - көркем еңбек -1 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, информатика -1 сағат, дүние жүзі тарихы-1 сағат, Алаш тану -1 сағат, Адам және қоғам негіздері – 1сағат, Абай тану -1 сағат, физика (т.п.)- 1 сағат (барлығы-10 сағ)
- д) 10- сыныпта - дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, информатика -1 сағат, информатика (т.п.)-1 сағат, география (т.п) -1 сағат, Абай тану -1 сағат, химия (т.п.)- 1 сағат, физика (т.п.) -1 сағат, биология- 1 сағат, АӘД-1- сағат (барлығы-11 сағ)
- е) 11-А сыныбында – алгебра (т.п.) -1 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, информатика -1 сағат, география -1 сағат, Абай тану -1 сағат, химия (т.п.)- 1 сағат, физика (т.п.) -1 сағат, АӘД-1- сағат, Қазақстан тарихы (т.п.)-1 сағат, қазақ тілі (т.п.)-1 сағат (барлығы-12 сағ)
- ж) 11-Ә сыныбында – алгебра (т.п.) -1 сағат, дене тәрбиесі - 2 сағат, өзін-өзі тану– 1 сағат, кәсіптік бизнес негіздері -2 сағат, Абай тану -1 сағат, химия (т.п.)- 1 сағат, физика (т.п.) -1 сағат, АӘД-1- сағат, Қазақстан тарихы (т.п.)-1 сағат, биология (т.п.)-1 сағат (барлығы-12 сағ)

4.4. Аралас форматта сабақ және қоңырау кестесі осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін. (жауапты С.Нуржанов, Г.Муздыбаева)

4.5. Мектепте төмендегі іс-шаралар қамтамасыз етілсін:

- әлеуметтік алшақтықты сақтау үшін ауысымдар ұлғайтылып, оқушылар екі ауысымда оқытылсын;
- білім алушылар мен педагогтардың, басқа да қызметкерлердің тікелей қарым-қатыныстары шектелсін;
- әлеуметтік алшақтықты қамтамасыз ету үшін мектеп алаңы барынша пайдаланылсын;
- оқытудың кабинеттік жүйесі уақытша тоқтатылып, бір сынып бір кабинет
- әртүрлі сыныптар үшін әртүрлі уақытта сабақтар арасындағы үзілістерді ұйымдастыру; (жауапты С.Нуржанов, Г.Муздыбаева)
- мектепке кіру кезінде білім алушылардың, қызметкерлердің температурасының күнделікті өлшенуі жалғастырылсын; (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)
- әр үзілістен кейін, ауысымдар, кіші ауысымдар арасында сынып бөлмелері, дәліздердегі және тағы басқа кабинеттерді ылғалды жинау, сөндіргіштерді, есік тұтқалары, баспалдақ

марштары, терезе төсеніштері ылғалды дезинфекциялаудан өткізілуін бақылау; (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

-медициналық кабинет пен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, аурулар анықталған жағдайда оқшаулау, сынып оқушыларының жағдайын бақылау) (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

-білім алушылардың бір бағытта қозғалуы үшін дәліздерде, сынып бөлмелерінде белгілерді орнату;

4.6. Аралас форматтағы сыныптарда төмендегі шаралар сақталсын:

- 1) сыныптың толымдылығы 25 баладан артық емес;
- 2) сабақтың ұзақтығы 40 минут;
- 3) мүмкіндігінше үзілістердің әртүрлі сыныптар үшін әртүрлі уақытта болуы;
- 4) маскаларды кию режимін сақтау (оқушыларға сабақ уақытында сыныпта маска кимеуіне рұқсат етіледі);
- 5) білім алушылардың өздерінің жеке заттарын пайдалануы қадағалау;
- 6) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету;
- 7) әр сыныпта қолды жуу, антисептикпен өңдеу құрылғыларының болуын бақылауын қамтамасыз ету;
- 8) сабақ біткен соң оқу кабинеттері дезинфекцияланып, кварц лампаларын 15-20 минут қосып залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу; (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

Мәжіліс төрағасы:

Е.Е.Оспанов.

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектеп

Хаттама №4/1

Рабат ауылы

20.05.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Г.Мырзахметова

Қатысқандар – 57 адам

Күн тәртібінде:

1. Коронавирустық инфекцияның таралуын шектеу шаралары кезеңінде оқушылар білімінің олқылықтарын толтыру мақсатында Жазғы мектепті ұйымдастыру туралы.
2. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу іс- шаралары кезеңінде негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау туралы.
3. «Сыңғырла соңғы қоңырау!» мерекелік іс-шарасын өткізу және қауіпсіздік шаралары туралы.
4. Педагог қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының кестесін бекіту туралы.

1. Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мәселе бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол коронавирустық инфекцияның таралуын шектеу шаралары кезеңінде оқу жылының үш тосанын онлайн режимінде оқытылған сыныптардағы білім сапасының төмендеуі байқалғанын, осы орайда оқушылар білімінің олқылықтарын толтыру мақсатында Жазғы мектепті ұйымдастыру қажеттілігі туралы айта келіп, Түркістан облысының әдістемелік орталығы әзірлеген «2020-2021 оқу жылында Түркістан облысы білім беру ұйымдарының шектеу шаралары жағдайында оқушылардың білімінің олқылықтарын толтыру мақсатында ашылатын Жазғы мектептерді ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулықпен», түзілген іс-шара жоспарымен таныстырып өтті. Сонымен қатар Жазғы мектепті ұйымдастыру хаты негізінде ДОЖБО С.Нұржанов хабарлама жасады. Ол сыныптар бойынша Жазғы мектепте оқытуға өтініш берген оқушылар тізіміне, тоқтала келе түзілген тізімді бекітуді ұсынды. Сонымен қатар Жазғы мектепте оқытылатын пәндер тімдемесінің жобасын ұсынды. Педагог қызметкерлер жоғарыда ұсынылған мәселелерді бірауыздан қолдай келе, педагогикалық кеңес қаулы етеді

1. Қабылданған қаулы.

- 1.1.5-8, 10 сынып оқушылар білімінің олқылықтарын толтыру мақсатында 26 мамыр мен 19 маусым 2021 ж. аралығында Жазғы мектеп ұйымдастырылсын. Жазғы мектепте өтілетін сабақтардың ұзақтығы 40 минут.
- 1.2. Тоқсан бойынша ағымдағы бағалау нәтижелерінде олқылықтары бар оқушылар тізімін, ата-аналар өтініштері негізінде жинақтап бекітуге ұсыну сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 1.3. 5-8, 10 сыныптардағы негізгі сабақтар офлайн (штаттық) режимде аптаның дүйсенбі-жұма күндері өткізілсін.

1.4. Жазғы мектептердегі қосымша сабақтар кестесі сынып толымдылығына қарай біріктірілген сыныптарды ескере отырып әзірлеу ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін.

1.5. Ата-аналар мен оқушылардың ұсыныстары бойынша төмендегі пәндер бойынша оқу сабақтары жүргізілсін:

а) 5-ші сыныптарда- Қазақ тілі-2 сағат, Қазақ әдебиеті-1 сағат, орыс тілі-2 сағат, ағылшын тілі-2 сағат, математика -3 сағат, Қазақстан тарихы-1 сағат, Дүние жүзі тарихы-1 сағат; (барлығы-12 сағ)

ә) 6-шы сыныптарда- Қазақ тілі-2 сағат, Қазақ әдебиеті-1 сағат, орыс тілі-2 сағат, ағылшын тілі-2 сағат, математика -3 сағат, информатика-1 сағат Қазақстан тарихы-1 сағат, Дүние жүзі тарихы-1 сағат; (барлығы-13 сағ)

б) 7-ші сыныптарда- Қазақ тілі-2 сағат, Қазақ әдебиеті-1 сағат, орыс тілі-2 сағат, ағылшын тілі-2 сағат, алгебра -2 сағат, геометрия-1 сағат, биология-1 сағат, информатика-1 сағат, Қазақстан тарихы-1 сағат, дүние жүзі тарихы-1 сағат, география-1 сағат; (барлығы-15 сағ)

в) 8-ші сыныптарда - Қазақ тілі-2 сағат, Қазақ әдебиеті-1 сағат, русский язык-2 сағат, ағылшын тілі-2 сағат, алгебра -2 сағат, геометрия-1 сағат, биология-2 сағат, химия-1 сағат, физика-1 сағат, информатика-1 сағат, Қазақстан тарихы-1 сағат, география-1 сағат; (барлығы-17 сағ)

г) 10-шы сыныпта - Қазақ тілі-2 сағат, Қазақ әдебиеті-1 сағат, русский язык-2 сағат, ағылшын тілі-2 сағат, алгебра -2 сағат, геометрия-1 сағат, биология-1 сағат, физика-2 сағат, Қазақстан тарихы-1 сағат, дүние жүзі тарихы-1 сағат (барлығы-15 сағ)

1.6. Жазғы мектептегі сабақ және қоңырау кестесі осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін. (жауапты С.Нуржанов)

1.7. Мектепте төмендегі іс-шаралар қамтамасыз етілсін:

- оқушылар бір ауысымда оқытылсын;

-білім алушылар мен педагогтардың, басқа да қызметкерлердің тікелей қарым-қатыныстары шектелсін;

- әлеуметтік алшақтықты қамтамасыз ету үшін мектеп алаңы барынша пайдаланылсын;

-оқытудың бір сынып бір кабинет қағидаты бойынша оқытылсын;

-мектепке кіру кезінде білім алушылардың, қызметкерлердің температурасының күнделікті өлшенуі жалғастырылсын; (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

-сынып бөлмелері, дәліздердегі және тағы басқа кабинеттерді ылғалды жинау, сөндіргіштерді, есік тұтқалары, баспалдақ марштары, терезе төсеніштері ылғалды дезинфекциялаудан өткізілуін бақылау (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

-медициналық кабинет пен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, аурулар анықталған жағдайда оқшаулау, сынып оқушыларының жағдайын бақылау) (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)

-білім алушылардың бір бағытта қозғалуы үшін дәліздерде, сынып бөлмелерінде белгілерді орнату;

1.8. Жазғы мектеп сыныптарында төмендегі шаралар сақталсын:

1) сыныптың толымдылығы 25 баладан артық емес;

2) сабақтың ұзақтығы 40 минут;

3) маскаларды кию режимін сақтау (оқушыларға сабақ уақытында сыныпта маска кимеуіне рұқсат етіледі);

4) білім алушылардың өздерінің жеке заттарын пайдалануы қадағалау;

- 5) әр сабақтан кейін кабинеттерді желдету;
- 6) әр сыныпта қолды жуу, антисептикпен өңдеу құрылғыларының болуын бақылауын қамтамасыз ету;
- 7) сабақ біткен соң оқу кабинеттері дезинфекцияланып, кварц лампаларын 15-20 минут қосып залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу; (жауапты З.Қалдыбаева, Ш.Биходжаева)
- 1.9. 26.05.-19.06.2021ж аралығында ұйымдастырылатын Жазғы мектепке ата-анасының өтініші негізінде төмендегі мектеп оқушылары тартылсын:

р/с	Оқушының аты-жөні	р/с	Оқушының аты-жөні	сыныбы
1	Әбдіқадір Абат	14	Қалдыбай Сырым	5
2	Тәжібай Нұрислам	15	Нұрлыбай Ерасыл	5
3	Құрасбек Көркем	16	Күшкенбай Инабат	5
4	Ханыбек Аңсар	17	Байсейт Аружан	5
5	Доқтырбай Толғанай	18	Оразалы Диана	5
6	Әбубәкір Кәусар	19	Талап Жанерке	5
7	Октябрь Бақыткүл	20	Маханбет Абылай	5
8	Әбдіхан Айса	21	Жолдыбек Әділет	5
9	Бакирова Асылай	22	Сейткаримова Жанель	5
10	Өмірзақ Олжас	23	Ерген Әсел	5
11	Алтынбек Нұрасыл	24	Арапбай Нұрбек	5
12	Алтынбек Нұрмерей	25	Шынтемір Ибрахим	5
13	Октябрь Бексұлтан			5
1	Алдан Айым	14	Елен Әсемай	6
2	Бекмұрат Әбдінұр	15	Лесова Камила	6
3	Дүйсенбек Думан	16	Серік Аяна	6
4	Ертай Бекзат	17	Иманқұлова Ақшолпан	6
5	Мелдебек Нұрдәулет	18	Хусейн Перизат	6
6	Мұхтар Айнұр	19	Абитов Арсен	6
7	Төлеперген Ақнұр	20	Саден Ержігіт	6
8	Тоқболат Мадина	21	Иманәлі Анара	6
9	Ханыбекова Ақнұр	22	Шотбай Жанерке	6
10	Мақташ Әсем	23	Әліхан Аэлита	6
11	Амалбек Алтынбек	24	Амзе Ақмаржан	6
12	Бақыт Нұрислам	25	Мақташ Жазира	6

13	Жұмабек Сәуірбай			6
1	Алтынбек Ғараби	11	Қамбар Ақниет	7
2	Әбубәкір Жансая	12	Тұрапбайқызы Ақниет	7
3	Бакиров Нуркен	13	Жолдықара Шұғыла	7
4	Ережеп Нұргүл	14	Шалдарова Ұлболсын	7
5	Иманәлі Фариза	15	Бақыт Әділет	7
6	Оразалы Аяулым	16	Рахматулла Ақбота	7
7	Орынбасар Иса	17	Убайдулла Абылай	7
8	Рахматулла Төлежан	18	Ермекбай Бақдаулет	7
9	Талап Жансауле	19	Арапбай Аяжан	7
10	Тұрғын Жансая	20	Қалдыбай Қарақат	7
1	Абилдахан Диас	14	Абдуәлі Асел	8
2	Абу Нұрбол	15	Амирова Фариза	8
3	Әбубәкір Гүлжан	16	Асли Арзу	8
4	Әбдіразақ Ақбота	17	Газрати Ясмина	8
5	Әлім Аяжан	18	Жолдыбай Альбина	8
6	Әділбек Нұрай	19	Ислам Жанерке	8
7	Бақыт Мерей	20	Мұхтар Арайлым	8
8	Болатбекқызы Береке	21	Сафармет Фатима	8
9	Забыхан Қарақат	22	Сафармет Хусейн	8
10	Құстанбаева Айдай	23	Қасымбек Нұрайлым	8
11	Тағайбек Альдер	24	Қасымбек Ажар	8
12	Тасболат Ақназым	25	Тоқтан Аяулым	8
13	Хани Сабина			8
1	Алдан Нұрай	6	Рүстем Ниетбек	10
2	Батыр Бақдаулет	7	Рахматулла Ақжайық	10
3	Мелдебек Жақсылық	8	Тастанбекова Жұмагүл	10
4	Фатай Нұрғиза	9	Төрехан Дәурен	10
5	Исмайл Шапағат	10	Убайдулла Нұрдәулет	10

2. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу іс-шаралары кезеңінде негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2020-2021 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық бойынша мектеп директоры Е.Оспанов хабарлама жасады. Ол, нұсқаулықта көрсетілген емтихандар тізімдемесі, өткізілу уақыты, емтихан кезіндегі санитарлық талаптардың орындалуы туралы, емтихан материалдарын қабылдап алу ерекшеліктері, «Алтын белгі» белгісіне үміткерлердің жазба жұмыстарын аудандық білім бөліміне жеткізу тәртібі туралы, сонымен қатар қорытынды аттестаттау ерекшеліктері туралы ата-аналарға, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы атап өтті. Келесі кезекте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нуржанов хабарлама жасады. Ол, емтихандардың өткізілу кестесі, емтихан комиссиясының құрамы, емтихандардың өткізілу ерекшеліктері туралы хабарлама жасады.

2. Қабылданған қаулы.

- 2.1.Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын үйлестіру мақсатында іс-шара түзіліп бекітуге ұсыну ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін;
- 2.2.Санитарлық қауіпсіздік шаралардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету мектеп медбикесі З.Қалдыбаева мен Ш.Биходжаеваға жүктелсін;
- 2.3.Емтихан комиссиясының құрамын бекітілсін (1-қосымша);
- 2.4.«Бұлтқа» орналастырылған емтихан материалдарын алу және оларды көбейту, емтихан өткізуге қажетті материалдарды дайындау жұмыстарын ережеге сай үйлестіру С.Нуржановқа жүктелсін;
- 2.5.«Алтын белгіге» үміткер білім алушылардың жұмыстарын алгоритмге сай аудандық білім бөліміне жеткізілуін қамтамасыз ету ДОЖБО С.Нуржановқа жүктелсін;
- 2.6.Емтихан кезінде қатаң тәртіптің сақталуын үйлестіру жұмыстары ұйымдастырушы педагог А.Урисбаеваға жүктелсін.

3. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Сыңғырла соңғы қоңырау!» мерекелік іс-шарасын өткізу және қауіпсіздік шаралары туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Нарбаева хабарлама жасады. Ол, мерекелік іс-шараға арналып жасалған жоспардың жобасын, жауапты мамандарды таныстыра келе жоспарды бекітуді ұсынды. Сонымен қатар мереке күндергі қауіпсіздік шаралар, мектеп қабырғасынан тыс жерлерде мерекені атап өтуге тыйым салу туралы айта келе жауапты мамандарды бекітуді ұсынды.

Қабылданған қаулы.

- 3.1.Соңғы қоңырау мерекелік іс-шарасына арналып жасалған жоспар мақұлданып, бекітілсін.
- 3.2.Мереке күні, мектеп қабырғасынан тыс іс-шаралардың өтуіне (көліктер шеруі, көңіл көтеретін орындарда, тұрғын үйлерде т.б.) мерекені атап өтуге тыйым салынсын.
- 3.3.Мереке күні жоспарланған іс-шаралардан тыс уақытта оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі ата-аналарға және сынып жетекшілеріне жүктелсін.
- 3.4.Мереке күндеріне арналып жасалған кезекшілік кестесі бекітілсін.

3.5.Осы қаулының орындалуына бақылау мен басшылық жасау ДТЖБО
Қ.Нарбаева мен Ш.Байшановаға жүктелсін.

4.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Педагог қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының кестесін бекіту туралы» мектеп директоры хабарлама жасады. Ол 2021 жылғы мұғалімдердің кезекті еңбек демалысына жіберу кестесімен таныстырып (2-қосымша) мұғалімдердің келісімі сұралды. Педагог қызметкерлердің кестемен келісетіндігі айтылып, кестені өзгеріссіз қалдыруы айтылды.

Қабылданған қаулы.

4.1.Мектеп қызметкерлері 2-кестеде көрсетілген мерзімде кезекті еңбек демалысына жіберілсін.

4.2.Педагог қызметкерлерге емделу ақысы қоса есептеліп төленсін.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Е.Оспанов.

Хатшысы:

Г.Мырзахметова

Қ.Әбдалиев атындағы жалпы орта мектеп

Хаттама №5

Рабат ауылы

24.05.2021ж.

Педагогикалық кеңес мәжілісі

Төрағасы – Е.Оспанов

Хатшысы – Ж.Жуманова

Қатысқандар –59 адам

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындыларына қысқаша талдау және оқушыларды марапаттау туралы.
2. 1-4 бастауыш, 5-8 және 10 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру және 9-А,Ә, Б; 11-А,Ә сынып оқушыларын мемлекеттік бітіру емтихандарына жіберу туралы.
3. 2021 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру туралы. (ДТЖБО –Қ.Нарбаева)

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мәселе бойынша ДОЖБО С.Нұржанов хабарлама жасады. Ол 2020-2021 оқу жылына талдау жасай келе әр сыныптар бойынша оқушылар қозғалысына тоқталып өтті. Атап айтқанда үшінші тоқсан басында 646 оқушы болса тоқсан барысында 7 оқушы кетіп жыл соңында 639 оқушы бітіргенін, оның ішінде 1-4 сыныптарда 260 оқушы (121 қыз, 139 ұл), 5-9 сыныптарда 321 оқушы (158 қыз, 163 ұл), 10-11 сыныптарда 58 (29 қыз, 29 ұл) оқушы бітіргенін атап өтті. Сонымен қатар тоқсандық және жылдық қорытындыларына сараптама жасады. Атап айтқанда:

сыныбы	Сынып жетекшісі	Оқушы саны	үздіктер	екпінді	Білім сапасы			
					1 тоқсан %	2 тоқсан	3 тоқсан	жылдық
МАД-А	Сатынбекова Г	15						
МАД-Ә	Борханова Ұ	20						
1-А	Жанбиров Б.	23						
1-Ә	Исакулова Г.	20						
1-Б	Турганова Ә.	20						
2-А	Қуатова А	22	6	6	52,4	52,4	54,5	57,1
2-Ә	Сарсенова Г.	20	4	10	66,7	42,9	60	70,0
2-Б	Тулебаева Р.	20	4	8	63,6	63,6	65	60,0

2-В	Абдиханова Б.	13	7	2	78,6	57,1	69,2	69,2
3-А	Пернебаева Н.	27	8	6	48,1	51,9	48	53,8
3-Ә	Мейірбекова Л.	26	8	12	66,7	61,5	69,2	76,9
4-А	Умбеталиева Р.	24	6	5	50	46,4	45,2	47,8
4-Ә	Көбеева Р.	26	5	12	53,8	61,5	57,7	65,4
4-Б	Бейсенбаева К.	23	2	9	47,8	39,1	43,5	52,0
	1-4 бойынша	264	50	70	57,6	52,5	56,2	60,6
5-А	Омарова Н.	23	7	10	77,3	73,9	56,2	73,9
5-Ә	Айтбаева А.	24	3	9	40	33,3	41,7	50,0
5-Б	Исабекова Н.	20	1	6	20	20	40	35,0
6-А	Нурманкулова Ұ.	21	6	7	52,4	61,9	61,9	65,0
6-Ә	Жұпарбек А.	20	4	8	55	55	55-	60,0
6-Б	Жұманова Ж.	20		7	40	25	40	36,8
7-А	Абуова А.	26	3	8	38,5	42,3	38,5	42,3
7-Ә	Құдайбергенова А.	27	2	5	22,2	25,9	22	25,9
7-Б	Сабитова А.	10		8	50	70	70	80,0
8-А	Таубаева С	21	4	7	52,4	52,4	47,6	55,0
8-Ә	Арынова Ж.	27	2	11	51,9	37	44,4	48,1
8-Б	Дос К	21	2	3	23,8	19	23,8	23,8
9-А	Бекназаров М	22	6	5	54,5	45,5	40,9	50,0
9-Ә	Турманов Б	21	4	5	47,6	38,1	38,1	42,9
9-Б	Ахмедова А.	21		4	22,7	18,2	14,3	19,0
	5-9 бойынша	324	44	103	42,8	40	41	45,8
10	Орынбаева Ж.	21	3	4	47,6	33,3	33,3	33,3
11-А	Байшанова Ш.	18	4	13	82,4	94,1	88	94,4
11-Ә	Мырзахметова Г.	19	2	10	55,6	52,6	63,2	63,2
	10-11 бойынша	56	9	27	60,7	58,9	60,3	62,1
	Мектеп бойынша	646	103	200	49,7	46,1	48,2	52,5

болғандығын айта келіп 2019-2020 оқу жылы соңындағы көрсеткіштен (54%) 1,5 %-ға төмендегенін, ал осы оқу жылында әр тоқсандағы білім сапасы 1-ші тоқсанда 49,7% , 2-ші тоқсанда 46,1% , 3-ші тоқсанда 48,2%, жылдық қортынды 52,5% болғанын ескерсек пандемия кезеңінде онлайн режимінде оқытудың өзінің кері әсерін тигізгені

байқалатынын атай келе жіберілген олқылықтардың орнын толтыру бағытта жұмыстардың жасалу қажеттілігі байқалатынын атап өтті. Сонымен қатар ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2016 жылғы 16 қарашадағы №660 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сай 2020-2021 оқу жылында барлық пәндерден жылдық бағалары тек қана «5» болып үздік болған мектеп оқушыларын **«Мақтау қағазымен»** марапаттауды ұсынды.

Қабылданған қаулы.

- 1.1.2020-2021 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары талдау көрсеткіштері бойынша «қанағаттанарлық» деп бағалансын;
- 1.2.Білім сапасының өткен жылдық көрсеткіштен 1,5% -ға төмендеуі ескертілсін.
- 1.3.ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2016 жылғы 16 қарашадағы №660 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сай 2020-2021 оқу жылында барлық пәндерден жылдық бағалары тек қана «5» болып, үздік болған төмендегі мектеп оқушылары **«Мақтау қағазымен»** марапатталып, сыныптан -сыныпқа көшірілсін.

Р/с	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Сынып жетекшісі
1	Қойшыман Раяна Талғатқызы	1-А	Жанбирова Б
2	Октябрь Нұрсұлтан Ильясұлы		
3	Сейдилдақызы Сезім		
4	Тасболат Жания Сапарғалиқызы		
5	Әсенбай Жанерке Талғатқызы		
6	Эролихон Досжан Кувончбекұлы	1-Ә	Исакулова Г
7	Зәкір Зере Қалдарбекқызы	1-Б	Турганова Э
8	Шалқарова Еркежан Сабитовна		
9	Бақыт Бекнұр Ерланұлы	2-А	Қуатова А
10	Бегман Айым Абсаттарқызы		
11	Ибрагимова Эльназ Ержановна		
12	Мелдебек Асылай Берікқызы		
13	Рыскулбек Ажар Ғабитқызы		
14	Сайлаубек Нұрғазы Нұрлыбекұлы		

15	Абдималик Маржан Жандарбекқызы	2-Ә	Сарсенова Г
16	Алдан Жанель Ержанқызы		
17	Маханбет Ақмарал Сафуллақызы		
18	Абдихан Аслан Даниярұлы	2-Б	Тулбаева Р
19	Әбдіқадір Айшабиби Керімжанқызы		
20	Файзуллаева Жасмина Нуралиевна		
21	Эралихон Ербақыт Кувончбекұлы		
22	Алимбек Абдурахман Серікұлы	2-В	Абдиханова Б
23	Антон Амалия Александровна		
24	Антон Евгений Алексеевич		
25	Прокопюк Демид Евгеньевич		
26	Саден Гүлсезім Бақтиярқызы		
27	Серік Амина Нұржанқызы		
28	Тауке Ерасыл Муратулы		
29	Бакир Нұрсұлу Нұржанқызы	3-А	Пернебаева Н.
30	Даржан Сезім Роланқызы		
31	Зәкір Нұрай Қалдарбекқызы		
32	Қалдыбай Бағым Бақбергенұлы		
33	Құлмырза Куванышбекұлы		
34	Режеп Бекзат Ерғалиұлы		
35	Садуақас Нұрасыл Асқарбекұлы		
36	Эсанбай Даулет Аскерұлы		
37	Абдиева Айару Олжабайқызы	3-Ә	Мейрбекова Л.
38	Әбдіқадір Бақдәулет Керімжанұлы		
39	Дуйсенбек Мади Жандосұлы		
40	Ербол Айшабибі		
41	Икраш Ақнұр Мақсатқызы		
42	Мирзахан Жания Русланқызы		
43	Сейдилла Жансезім Қайратқызы		
44	Темірхан Жаннұр Қанатқызы		

45	Батыр Асел Қонайқызы	4-А	Умбеталиева Р
